

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Айгүл Оразбекқызы Спатайдың «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент
Абилхаирова Жанар Айтбаевнаның жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе 1.2 мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Өйткені, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуына басымдық берілгені баршаға мәлім. Сол себептен, ел азаматтары 2025 жылға дейін үш тұғырлы яғни, білім арқылы интеграциялану үшін ағылшын тілін де меңгере білу қажеттігі айтылған болатын. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығы емес, бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үштілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - делінген.

		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қазақстан Республикасының 2025ж. дейінгі әлеуметтік-экономикалық ұзақ мерзімді дамуы Тұжырымдамасының «Білім беру» атты бөлімінде базалық білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету және заманауи тұрғыдағы үздіксіз білім беру жүйесін құру, кәсіби мамандарды даярлау мен қайта даярлау мәселелері айтылғандығы зерттеу жұмысының өзектілігін одан әрі арттырып отыр. Сондай-ақ, осы үздіксіз білім беру жүйесінің сатыларындағы үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес креативтілікті, шет тіліне деген қызығушылық арқылы коммуникативтік қарым-қатынасты дамытуды, көшбасшылық қасиеттерді, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру маңызды болып табылады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Орындалған бұл жұмыс қазіргі таңда ғылымға елеулі үлесін қосатын өзекті мәселе қатарында болғандықтан маңыздылығы ашылған келесі ғылыми жаңалықтарды қамтыған тың еңбек: - Үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтаудың өзекті мәселелері теориялық тұрғыда негізделіп, «үштілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланған; - Үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығын және үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталған; - Үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығындамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; - Үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығындамытуды қамтамасыз ететін әдістемелік батарея кешені дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындағанда ізденуші-докторанттың <u>өзі жазу деңгейі жоғары</u> еңбек екендігін келесі қорытындыларынан көре аламыз: «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ. Талдау нәтижесінде аталған құжаттың «ҮМҒТСО» АҚ қорымен сәйкестігі айқындалып, «Антиплагиат» есебі бойынша – 92,67 %;
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығын дамытудың ғылыми-теориялық негізделмеуі, үштілді кәсіби педагогке деген сұраныстың күн санап артуы мен аталмыш мәселеге арналған (қазақ, орыс, ағылшын) әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі арасында және үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде халықаралық қарым-қатынас тілі ағылшын тілін меңгеруге байланысты педагогтардың даярлығы анықтаудың қажеттілігі артуы мен заманауи таңдағы білім беру жүйесінде бұл мәселеге әлі де болса өз деңгейінде назар аударылмауы арасында; үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтарды даярлау ісін біріккен-диалогты танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, белсенді оқыту әдістері негізінде жаңа сапаға көтеруге байланысты талаптардың артуы мен оны жүзеге асыруға байланысты ғылыми теорияға негізделген әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылық анық байқалады. қарама-қайшылықтардың бар екендігін айқындап, осы қарама-қайшылықтар проблеманы айқындап, зерттеу тақырыбын <u>таңдауға негіз болған.</u>
		4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияны оқып талдау барысында, мазмұны диссертация <u>тақырыбын айқындалғандығы</u> байқалады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың келесі мақсат-міндеттері <u>тақырыпқа сай екендігін</u> дәлелдейді. Зерттеудің мақсаты: - педагогтардың кәсіби қызметке

3) 3) сәйкес келмейді	бейімделу міндеттерін шешуге көзделген үздіксіз білім беру жүйесінде тіл меңгеруге даярлықтарын анықтауда психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру. Зерттеу міндеттері: -Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығын теориялық-әдістемелік тұрғыдан анықтап, негіздеу; -Үздіксіз кәсіптік оқытудағы инновациялық оқыту әдістерінің мәнін нақтылап анықтау; -Үздіксіз білім берудегі белсенді оқыту әдістерінің жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру; -Біріккен-диалогты танымдық әрекет үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің максаты, әрі ең жоғарғы тиімділікке жету шарты болуын дәлелдеу; - Оқытудың белсенді әдістері (іскерлік ойындары, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, кәсіби ойындар т.б.) өте тиімді деп есептеліп, олардың ұйымдастырылуының психологиялық негізі болып біріккен-диалогты танымдық әрекет алға шығуы; -Үздіксіз кәсіби білім берудегі кәсіби ойындар жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) 1) толық байланысқан; 2) 2) жартылай байланысқан; 3) 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Кіріспеде тақырыптың көкейкестілігі, зерттеудің нысаны, пәні, максаты мен міндеттері, болжамы, ғылыми жаңалығы, әдіснамалық-теориялық және практикалық мәні, әдістері, қорғауға ұсынылатын қағидалар беріледі. «Үздіксіз кәсіби білім берудегі педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығы мәселесінің теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге қатысты дайындықтарының теориялық аспектілері кеңінен шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың іргелі де өзекті тұжырымдамаларына негізделі отырып, терең сипатталады, ағылшын

	тілін меңгеру барысындағы көптеген теориялар талданады. «Педагогтарды инновациялық іс-әрекетке даярлаудың психологиялық маңызын зерттеудің аспектілері» атты екінші бөлімде үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтарды инновациялық мазмұнда даярлауды психологиялық тұрғыдан сабақтастырудың мәні, мазмұны, заңдылықтары мен ұстанымдары және интеграциялы аспектіде инновациялы-мотивациялық дайындықта болу жағы егжей-тегжей қарастырылады, құрылымдық-функционалдық моделі мен психологиялық-педагогикалық шарттары беріледі, педагогтардың ағылшын тілін меңгеруде заманауи модернизацияланған талаптарға сәйкес инновациялық дамумен бірізді даярлауды сабақтастықпен басқару тұжырымдамасының мазмұндық сипаты ұсынылады. «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын эксперименттік зерттеу» атты үшінші бөлімде үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын анықтаудың тәжірибелі-эксперимент жұмысының толық мазмұны, нәтижелері ұсынылады. Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы авторлық курс, оқу-әдістемелік кешендерінде қолданып, әрі апробациялануы элективті курс бағдарламасы аясында респонденттермен сыни тұрғыдан ойлау, командалық жұмыс, креативтілік және коммуникация сынды қасиеттерді дамытуға негізделіп кәсіби қызметте жеке-дара, топтық және ұжымдық жұмыс әдістерін (бірлесу, миға шабуыл, тренинг және т.б.), шараларды (, баспа, білім беру ресурстарын және т.б.) оқытудың

		технологияларын (жобалық, контекстілі, проблемалық, рефлексивті, модульдік, ойындық оқыту, креативті ойлауды дамыту, сыни ойлауды дамыту, «case- study», креативті, интерактивті, мультимедиялық технологиялар, ТРИЗ-технологиялары және т.б. қолдану арқылы шығармашылық қабілеттердің дамуына, креативті болуға итермелейді. Осы ретте, диссертанттың авторлық әдістері бойынша эксперименттік жұмысқа, тәжірибелік тұрғыда негізделіп, <i>сыни талдау жасалған.</i>
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар толығымен жаңа</i> болып табылады. Атап айтсақ. Бірінші нәтиже жаңа, себебі үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамытудың теориялық негіздері айқындалған, «кәсіби коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланған. Екінші нәтиже жаңа, себебі бірінші рет үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарындамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталған. Үшінші нәтиже жаңа, себебі алғаш рет үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығының құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған. Құрылымдық-мазмұндық модель құрылды, келесідей мақсаттық, теориялық, мазмұндық, технологиялық, бағалаушы-нәтижелік ұстанымдар басшылыққа алынған. Төртінші нәтиже жаңа, себебі алғаш рет үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын арттырудың әдістемесі жасалып, әрі оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріп, ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа)	Диссертацияның қорытындылары толығымен <i>жаңа</i> болып табылады. Оның дәлелі диссертацияның нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берген:

болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	-үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеру даярлықтарын қамтамасыз ететін құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметінде үштілде еркін сөйлесе алатын, үздіксіз білім беру жүйесі буындары өкілдерінің үштілділік қарым-қатынас дағдысын қалыптастыруға даяр тұлға деп ғылыми-педагогикалық тұрғыдан берілген ұғымдар нақтыланған. Осылайша, үштілді коммуникативтік құзыреттіліктің, лингвоәдістемелік даярлықтың теориялық негіздерін талдай отырып, оларды жүзеге асыру жолдарына тоқталып, берілген анықтамалар жүйеленген. -үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын дамытудың мақсаты: білім алушылардың тілдік білім алу, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылымды, меңгеру барысында қалыптасқан іскерлік пен дағдыда көрініс табатын практикалық тәжірибесінде білім беру технологияларын қолдану ғана емес, оқу іс-әрекетін орындау барысында қарым-қатынасқа түсу белсенділігі, біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудағы топтық, ұжымдық, жұптық қарым-қатынас жасаудағы шеберлігі болып табылады. -зерттеу мәселесі бойынша үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері педагогикалық заңдылықтар мен ұстанымдарға негізделіп айқындалды. -үздіксіз білім беру педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарының құрылымдық-мазмұндық моделі жоғары педагогикалық білім берудің дидактикасының тұжырымдамаларына, негізделген мотивациялық, танымдық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері біртұтас жүйе ретінде айқындалған. - үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі)
---	--

		инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы атты элективті курс пен авторлық біліктілікті арттыру семинарының бағдарламасы мен жоспары жасалып, тәжірибелік жұмыс барысында дәлелденіп, әдістемесі ұсынылған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарулық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады.
	1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 11 мақалада жариялаған. Соның ішінде 6 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, -халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 4) жарияланған және «Жанартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі сабағында критериялы бағалау» оқу-әдістемелік құрал мен «Psychology of motivation and communication of modern students» оқу құралы, «Ағылшын тілін меңгерудің инновациялық тәсілдері» әдістемелік нұсқаулығы, «Theory and practice of translation» оқу құралы, «Жаттығулар жинағы» деп аталатын еңбектер жарық көрген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген. - үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу барысында, нақтыланған үштілдік коммуникативтік құзыреттілік ұғымы, маманның өзін-өзі табысты әрекет ету жағдайында құзыреттілікке қол жеткізуімен, мамандығына байланысты іс-әрекеттерді орындауда көрініс беріп, кіріктірілген тұлғалық сапасын білдіреді; - үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамытудың

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жок</u>	психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде болашақ маманның өзін-өзі табысты жүзеге асыруы (біріккен-диалогты танымдық әрекет орнату, жағымды эмоциялық байланысқа түсе білуі, коммуникативтік міндеттерді қоя білуі, қарым-қатынастың үлгісін жасай білуі, тыңдау мен есту, оқу мен жазу, қарым-қатынасты сөзбен белсендіру, көзқараспен, педагогикалық талаптармен қатар, маман ретінде этикалық норманы сақтау, дұрыс қарым-қатынас стилін таңдай білу және т.б.) мүмкін болады; -үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, болашақ маманның ғылыми педагогикалық әрекеттерінің дайындығын қамтамасыз ететін ұстанымдарды, компоненттерді, құралдары мен формаларды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген құрылым; - үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын дамыту, педагогикалық үдеріске мазмұндық-әдістемелік тұрғыда «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы бағдарламасы мен жоспарын енгізуімен қамтамасыздандырылады. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және баспа еңбектерінде жарияланған ғылыми нәтижелерге қол жеткізуден, зерттеудің негізгі тұжырымдамалық идеялары мен ережелерін теориялық тұрғыдан дамытудан тұрады. Зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланды. Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер	8.1 Әдістеменің тандауы-негізделген немесе әдіснама нақты	Әдістеменің тандауы-негізделген. <i>Зерттеудің әдіснамалық негіздеріне</i>

ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	жазылған 1) 1) ия; 2) 2) жоқ	салалар бойынша төмендегі ғалымдарың зерттеулері алынған. - үздіксіз кәсіби білім беру мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген педагог ғалымдар Х. Абдукаримов, В.В. Арнаутов, С.И.Архангельский, В.И. Загвязинский, А.И.Мищенко, Б.А.Альмухамбетов, А.А.Жайтапова, Ж.К. Оңалбек, К.М. Беркімбаев, Р.С. Омарова, А.А. Молдажанова, А.Қарақов, К.С.Успанов және т.б. - мамандардың құзыреттілігін түрлі аспектіде зерттеген ғалымдар Г.Ж.Ниязова, М.Х. Балтабаев, Ш.Т.Таубаева,К.С.Құдайбергенова, Б.Т.Кенжебеков, Г.М.Касымова, С.С.Кунабаева, Л.К.Карабаева және т.б. еңбектерінде қарастырылған. -көптілділік (билингвизм), мультилингвизм негізін теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар У. Вайнрайх, О. Гарсиа, Ж. Камминс, Дж.Хаммерс және М.Бланка және отандық ғалымдар Б.А. Жетписбаева, А. Н. Садыкова, Е. Д. Аманбекова, Г. Д. Алдабергенова, Э.Д.Сулейменова және т.б.авторлардың еңбектері талданып, сілтеме жасалынған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік зерттеу әдістері мен мәліметтерді технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қолдану арқылы алынған. қазіргі заманғы әдістері мен Математикалық зерттеу әдістері деректерді өңдеу және қолданылып, нәтижелері өңделіп, интерпретациялау әдістемелерін компьютерлік технологияны қолданып пайдалана отырып алынған: 1) 1) ия; 2) 2) жоқ	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып диаграмма түрінде ұсынылған.
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) 1) ия; 2) 2) жоқ	Теориялық тұжырымдар, «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы атты элективті курс бағдарламасы мен біліктілікті арттыру семинарының бағдарламасы мен жоспарын енгізуімен қамтамасыздандырылып, инновациялық көзқарас моделі, зерттеушілік қызметтегі анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, зерттеу нәтижелері, әрине, педагогикалық эксперимент негізінде

			дәлелденді және қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінің сатыларында білім берудің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған, сонымен қатар педагогикалық мамандарды даярлау ісінде практикалық және теориялық маңызы бар еңбек болып табылады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған/ расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 196 әдебиеттер көзі пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) 1) ия; 2) 2) жоқ	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар, өйткені «үздіксіз кәсіби білім берудегі құзыреттілік» ұғымы ғылыми тұрғыда негізделіп, және педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталған. Үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеру даярлықтарының құрылымдық-мазмұндық моделі мен ағылшын тілді меңгеруге даярлықтары қалыптасқандығының критерийлері мен көрсеткіштері жасалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) 1) ия; 2) жоқ	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы</i> бар және алынған нәтижелерді іс-жүзінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық- педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы атты элективті курс бағдарламасы мен біліктілікті арттыру семинарының бағдарламалары дайындалып, оқу процесіне ендіру актілері тіркелген. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		3) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) 1) жоғары; 2) 2) орташа; 3) 3) орташадан төмен; 4) 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары.

Диссертацияға жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстар айтуға болады:

- Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік-эксперименттік бөлімінде онлайн оқыту форматындағы заманауи технологияларды қолданған болса, жұмыстың мәні мен маңыздылығын арттыра түсер еді.
- Диссертацияда орфографиялық, стилистикалық қателер де кездеседі.

Дегенмен, бұл аталған ұсыныс пен кемшіліктер диссертацияның жалпы құндылығын төмендетпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Докторант Айгүл Оразбекқызы Спатайдың 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы дайындаған диссертациясы жұмыстың орындалуы, теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған ғылыми нәтижелері бойынша ресми талаптарды толығымен қанағаттандыратын, әрі өз бетінше жеке орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Сондықтан бұл жұмысты қорғауға ұсынуға болады.

Ресми рецензент, п.ғ.к.,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің педагогикалық -психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ж.А.Абилхаирова

